**Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы ставкалары туралы**

Маңғыстау облысы маслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы N 4/53 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 22 ақпанда N 1999 тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына , "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бастығы*
*Б. Бисенов*
*"__"________ 2008 ж.*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы*
*Ы. Ноғаев*
*"___"________ 2008 ж.*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Маңғыстау облысы бойынша Салық комитетінің төрағасы*
*А. Теңгебаев*
*"___"________ 2008 ж.*

Облыстық мәслихаттың
2008 жылғы 12 ақпандағы
N 4/53 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы ставкалары**

| Р/с N | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | қалдық-тардың қауіп-тілік деңгейі | Норматив-тік төлемдер (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары [1] | шартты тонна | | 2600 |
| 2. | Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары: | пайдала-нылған отынның тоннасы (бұдан әрі - тонна) | | |
| | этилденбеген бензин үшін | | | 890 |
| | дизель отыны үшін | | | 1411 |
| | сұйытылатын, сығылған газ үшін | | | 800 |
| 3. | Ластаушы заттардың төгінділері: | шартты тонна | | |
| | су көздеріне [2] | | | 35000 |
| | жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне | | | 21000 |
| 4. | Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар [3] | тонна | | 770 |
| 5. | Өнеркәсіптік қалдықтар | | | |
| | өндіріс пен тұтынудың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру | тонна | "қызыл" тізім | 38500 |
| | | | "Янтарь" тізім | 19200 |
| | | | "Жасыл" тізім | 4800 |
| | | | Жіктел-мегендер | 2500 |
| | Бұдан басқа: | | | |
| | аршынды жыныстар [4] | тонна | | 10 |
| | байыту шлактары, шламдары, қалдықтары [4] | | | 109 |
| | күл мен күлшлактар [4] | | | 1536 |
| | ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары | | | 512 |
| 6. | Радиоактивті қалдықтар: | | | |
| | трансуранды қалдықтар | гигабек-керель | | 2060 |
| | альфа-радиоактивті қалдықтар | | | 1030 |
| | бета-радиоактивті қалдықтар | | | 103 |
| | шынақты радиоактивті көздер | | | 1030 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | Белгіленген заңдық тәртіппен жүзеге асырылатын, табиғи және ілеспе газ алауларын жағудан атмосфераға ластағыш заттардың таралуы | шартты тонна | | 61134 |

**Ескертпе:**

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

1 0,75 коэффиценті;

4 2) халыққа коммуналдық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі

1 0,3 коэффиценті;

2 0,43 коэффиценті;

4 0,25 коэффиценті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған (жиналған) тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

3 0,2 коэффиценті;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн.

5) "Қошқар-Ата" қалдықтар қоймасының су деңгейін қалыпты ұстауға қолданылатын ақпа сулардың төгінділері үшін нөлдік ставка қолданылады.

*Ескерту: 1-қосымшасындағы ескертпеге 5 тармақша енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008.05.16* N 5/77 *шешімімен (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК